

28.01.2023 ж. № E00023

Синектика как метод развития творческого мышления детей дошкольного возраста

ЧЕРНЯКОВА МАРИНА ВИТАЛЬЕВНА
КГКП «Ясли-сад № 11 города Павлодара»
Воспитатель

Мы с детства слышим: «Все познается в сравнении». Поэтому именно в дошкольном возрасте необходимо использование одного из самых действенных методов познания окружающей действительности из группы методов активизации мышления – синектики. Синектика, в переводе с греческого, означает «объединение однородных элементов». Этот термин в работе с детьми мы не используем, заменяя его словами «на что похоже?», «что такое же?». Метод синектики построен на поисках аналогов (похожестей) и ассоциативных связей. В сущности, если задуматься, то вокруг нас найдется великое множество предметов, созданных человеком по аналогии уже с чем-то имеющимся в природе.

Для того чтобы полноценно использовать данный метод в работе, необходимо разобраться в том, что же такое аналогии и какими они могут быть. Итак, в словаре аналогия определяется как подобие, равенство отношений; сходство предметов, явлений, процессов, величин и т. п. в каких-либо свойствах, а также познание путем сравнения. Исходя из своих свойств, аналогии делятся на несколько видов. А именно: на личную, прямую, символическую и фантастическую. Поговорим о каждом виде отдельно.

- Личная аналогия - способность поставить себя на место образа или предмета и понять его трудности как свои собственные.
- Прямая аналогия - объект сравнивается с аналогичным объектом из другой области, при этом выявляется их сходство с точки зрения каких-либо свойств и отношений.
- Символическая аналогия - неожиданное, яркое определение, показывающее предмет с необычной стороны.
- Фантастическая аналогия - способна любую ситуацию перенести в сказку и использовать волшебство.

В чём же заключается цель использования различных видов аналогий в работе воспитателя? В первую очередь мы стремимся не просто развить фантазию детей, а научить их мыслить системно, понимая происходящие процессы. А также приобретаем особый инструмент по воспитанию конкретных качеств творческой личности, для того чтобы дети научились понимать единство и противоречие окружающего мира и решать свои маленькие проблемы.

Как становится ясно из цели, использование метода синектики на занятиях предлагает воспитателю ряд возможностей для развития творческого и логического мышления, воображения, внимания и речи.

Можно перечислить несколько важных сфер жизнедеятельности, в которых использование данного метода является наиболее эффективным. Это такие области, как социум, здоровье, коммуникация, познание и творчество.

Для того чтобы достичь цели и добиться наибольшего процента выполнения поставленных задач, необходимо следовать некоторым принципам построения занятий с использованием метода синектики. Во-первых, педагогу не следует давать детям готовые знания и раскрывать перед ними истину, а лучше учить находить её самостоятельно. То есть, если ребенок задает вопрос, не следует тут же давать готовый ответ. Наоборот, нужно спросить его, что он сам об этом думает. Пригласить его к рассуждению. И наводящими вопросами подвести к тому, чтобы ребёнок сам нашел ответ. Например, давая детям знания о свойствах дерева, воспитатель может начать с вопроса: «Что было бы, если на Земле не было деревьев?». Дети предлагают варианты своих суждений. Затем спросить: «Чем полезно дерево?». Цепочка вопросов продолжается: «Если дерево так полезно, если из него можно сделать столько вещей. Зачем человеку другие предметы? Какие свойства дерева не нравились человеку? Зачем люди выращивают лес и создают парки? Чем могут отличаться деревья? Какие предметы из дерева можно назвать?» и т.д.

И так как основной целью использования метода синектики является развитие фантазии и творческого мышления, педагогу необходимо создать на занятии особую атмосферу, к этому предрасполагающую. То есть продемонстрировать живое мышление, владеть и грамотно пользоваться приёмами аналогий, не передавать информацию в готовом виде, а рассуждая совместно, из прошлого опыта детей и на основе уже имеющихся знаний превращать любое занятие в интересное путешествие.

Прежде чем привлечь на своих занятиях тот или иной метод, педагогу следует прогнозировать, какое влияние окажет данный метод на развитие детей. Что касается метода синектики, то это такие пункты как возможность созидать, развивать аналитические способности, стремиться получить новую информацию об окружающем мире, учиться доказывать свою точку зрения, получить потребность в познавательном развитии и проявить себя.

Освоив основную массу теоритических знаний о данном методе, мы перейдём непосредственно к практике и рассмотрим работу с каждым видом аналогий. В первую очередь поговорим о прямой аналогии. В этом случае мы обучаем ребенка сравнению предмета (объекта) по цвету, форме, величине, характеру, свойствам, функции, ситуации. В качестве примера возьмём яблоко.

- По форме – оно такое же, как мячик, солнышко, круглая лампа, фонарь и т.д.

- По цвету – оно зеленоватое, как листья салата, платье, как обои и т.д.
- По величине – это яблоко не больше мамино кулака, а вот то, поменьше, похоже на твой кулачок;
- По свойствам – оно кисло-сладкое, как леденец, как хитрая улыбка (объясните почему?);
- По характеру – оно полезное, как витаминки.

Далее рассмотрим личную аналогию. Так как основой данного вида является эмпатия, то есть способность понимать или чувствовать то, что испытывает другой человек из своей системы отсчета, или способность поставить себя на место другого, то в качестве примера уместно предложить следующие темы:

- Тема: «Зимующие птицы». Вы воробей. Что вы ели, чем занимались, где спали?
- Тема: «Домашние животные». Вы кошка, собака, лошадь, попугай. Что вы ели, чем занимались, где спали? Что бы вы хотели получить от хозяина? Например, что думает рыбка из аквариума об обитателях квартиры?
- Тема: «Умные вещи». Что думает пылесос о жителях квартиры. С кем из людей и вещей он дружит, а кого не любит? Почему?

Прежде чем привести примеры использования символической аналогии, разберём её значение и направленность. Чем старше ребёнок (5 – 6 лет), тем важнее, чтобы ассоциации находились в совершенно разных областях – такие упражнения способствуют развитию внимания, наблюдательности, памяти, формированию гибкости и образности мышления. Одно из важнейших качеств, способствующих интересному общению человека, – чувство юмора. Умение взглянуть по-новому на ситуацию, обозначить её одним – двумя словами с переносным значением – это удаётся не каждому и не всегда. Но это качество тоже развивается с помощью метода символической аналогии, если вы, хотя бы периодически будете упражняться с ребёнком в поиске иносказаний – аналогов:

- холодильник – продуктовый Дед Мороз;
- надеть ласты – нарядиться в плавники;
- гаджеты – воры времени ит.д.

И последним, самым сложным, видом аналогии является фантастическая. Главное преимущество данного вида состоит в том, чтобы помочь ребёнку тренировать способность любую ситуацию перенести в сказку и использовать волшебство. Например, при работе со сказкой. Детям предлагается сочинить сказку о каком-нибудь предмете, в которой бы соединилось реальное и фантастическое: предмет мог бы думать, чувствовать, может быть, говорить. Дети с большим удовольствием выполняют такие задания.

* « Жило-было Кресло в одной большой семье. Все любили это Кресло, потому что, когда кому-то было грустно или плохо, они садились в него. И оно оживало: обнимало, убаюкивало и рассказывало сказки и добрые истории».

Из всего выше сказанного можно сделать следующий вывод. Нам, взрослым, очень трудно ... у нас развиты стереотипы, штампы, а у детей мышление гибкое, им легче. Этот метод помогает сочетать логическое и образное мышление, свободно переходить с одного мыслительного уровня на другой, устраняет стереотипность мышления. Метод позволяет детям свободно ориентироваться в окружающем мире, увидеть изменяющийся во всём и везде мир, увидеть противоречия и попытаться их решить, пользоваться простыми словесными алгоритмами, сочувствовать и сопереживать людям и животным.

28.01.2023 ж. № E00028

Мектепке дейінгі білім берудің шарты мен ресурсы

АТЫГАЕВА МАККИ ЖАКСЫБАЕВНА

*Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы,
Шоқай ауылы №3 орта мектебінің
МАД сыныбының тәрбиешісі*

Педагогтің басты рөлі – тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан – жақты зерттелетін, сараланған білім беру үлгісінің басым бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің әлемдік өркениетке негізделген білім саясатының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру. Осыған орай, нәтижеге бағытталған мектепке дейінгі білім беру мен жалпы орта білім берудің жана жүйесіне ауысу білім беруді басқару жүйесіндегілерден педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыруда жаңаша көзқарасты, ал тәрбиешілердің негізгі кәсіби құзыреттілігін дамытуды талап етеді.

Білім беруді түрлендіруде, білім процесін реформалауда зерттеуші педагог пен көшбасшы тәрбиеші жаңа формация педагогі ретінде орталық тұлға болып табылады. Нәтижеге бағытталған білім беру жүйесіндегі педагогтің кәсіби құзыреттілігінің теориялық негізін айқындап алу үшін, терминнің дербес анықтамасына тоқталсақ. Психологиялық- педагогикалық әдебиеттердегі ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда кәсіби шеберліктің

қалыптасуы мен даму үдерісінде екі ұғым: құзыреттілік және құзырет ұғымдары пайдаланылып келеді. Біріншісі, С.Ожегов сөздігі бойынша, белгілі бір кәсіби қызметке байланысты, "қандай да болсын мәселеден хабардарлық, беделділік", ал екіншісі, "қандай да бір істі жүргізетін жеке адамның, мекеменің мәселелерді шешуге, іс – әрекет етуге, бір нәрсені істеуге құқықтылық шеңбері". Методикалық терминдер сөздігінде "Құзыреттілік – қандай да бір оқу пәнін оқыту үдерісінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі", – делінген. Дұрыс ұйымдастырылған әдістемелік пен оның кәсіби дамуға бағытталған жұмыстары ғана жаңашылдық кепілі болады. Сол себепті, мұғалімдерді кәсіби біліктілігін арттыруда педагогтардың өздеріне бағытталған іс – әрекеттерін жаңаша ұйымдастыру өте маңызды.

Тәрбиеші – ақпараттанушы емес, баланың жеке тұлғалық және интеллектуалды дамуын жобалаушы. Ал бұл тәрбиешіден жоғары құзырлылықты, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, балаларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыттарын талап етеді.

Тәрбиешінің кәсіби құзырлылығы, оның өзіне деген сенімділігінен, кәсіби қызметте өзін-өзі көрсетуінен басталады. Жоғары құзыреттілік өзін «менгеруді» күтпейді. Педагогтің құзыреттілігі туралы әр кезеңде әртүрлі авторлар еңбектерінде түрлі пікірлер кездеседі. Соларға сүйене отырып, мұның өзі жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің деңгейі, педагогикалық іс-әрекеттегі теориялық және практикалық дайындығы мен тәжірибесінің тоғысуы, сол сияқты педагогқа қажетті көптеген сапалардың болуы бұл өте күрделі сан-салалы мәселе деп тұжырымдауға болады.

Педагогтардың кәсіби құзырлылығы – олардың педагогикалық қызметті жүзеге асыруға деген теориялық және практикалық дайындығының бірлігі. (В.А.Сластенин)

Жаңа талаптарға бағына отырып, тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігінің дамуының негізгі жолдарын анықтауға болады:

1. әдістемелік бірлестіктерде, шығармашылық топтардың жұмысы
2. зерттеу, эксперименталды жұмыстар жүргізу
3. инновациялық жұмыстар: жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру
4. педагогикалық қолдау түрлерін үйрену
5. сайыстарға, мастер-класстар, форум және панорамалық сабақтарға белсенді түрде қатысу
6. педагогикалық тәжірибесін жинақтау
7. АКТ пайдалана білуі

Тәрбиешінің кәсіби құзыры, оның бастапқы тәжірибелі біліктілігі және шеберлігі, жас ерекшеліктеріне сәйкес адамның тұлғалық дамуына байланысты белсенді, үздіксіз үйренуінде қалыптасады. Жоғары құзырлы

тәрбиешіден төмен құзырлы тәрбиешінің айырмашылығы, осы педагогикалық-психологиялық компоненттерді кәсіби шеберлігімен қолдана білуінде. Педагогикалық-психологиялық компоненттердің жоғары деңгейде қалыптасуы тәрбиешіге, балаларға алдын алынған білімдерді және жаңа білімді дифференциалды, әлеуметтік, аутопсихологиялық компоненттер ретінде ұғындырып, қалыптастыруда, яғни осы білімдер олардың қабілеттілігінің дамуында «кірпіш» болуына көмектеседі.

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр педагог, өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты — бәсекеге қабілетті маман дайындау.

Ізденімпаз тәрбиешінің шығармашылығындағы ерекше тұс — оның сабақты түрлендіріп, баланың жүрегіне жол таба білуі.

Педагог атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау — әр тәрбиешінің борышы. Ол өз кәсібін, өз мамандығын, барлық балаларын, жұмыс мекемесін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация тәрбиешісі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті.

Жаңа формация тәрбиешісі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды[2].

Нарық жағдайындағы педагогке қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация тәрбиешісі — рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Сабақты түсіндіру барысында тәрбиеші тақта алдында тұрып, бір мезетте мәтіндік, аудио, бейне құжаттарды DVD, CD-ROM және Интернет ресурстарын қолдана алады. Бұл кезде тәрбиеші қосымшаны іске қосу, CD-ROM, Web-түйін мазмұнын қарастыру, ақпарат сақтау, белгі жасау тышқанды ауыстыратын арнайы қалам арқылы жазулар жазу және т. б. әрекеттерді жеңіл орындай алады.

Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді.

Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру — оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

Білім сапасын арттыру барысында тәрбиешілерге мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық — коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық — дамытушылық функцияны атқарады.

Кәсіби құзыреттілік – әлеуметтік жұмыс маманының мінездемесі, мамандығының талаптарына деген оның сәйкестік дәрежесі

Кәсіби даярлық – кәсіби бағдарлық пен кәсіби білімі, біліктілігі мен машықтарының жүйесі және кәсіби бағдарлығының қалыптасуы, әлеуметтік жұмыстағы кәсіби жағдаяттар мен тапсырмалардың теориялық және практикалық шешімінің тәжірибесін меңгеру.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» – деген бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне байланысты екеніне еш күмәнім жоқ.

Балалардың танымдық көзқарасын байыту ақыл — ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру тәрбиешінің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты.

Ендеше құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін-өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Тәрбиеленуші балалар тәрбиеші қауымнан тек білімге ғана емес, өмірге үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Демек, болашақ педагогтеріміз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел ойлаушы: жедел шешім қабылдаушы: ерекше ұйымдастырушылық қабілетті: нақты бағыт- бағдар беруші болып шығуы — бұл қазіргі заманның талабы. Міне, құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ тәрбиеші — қазіргі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі тәрбиешілердің тәрбиеленушілерді оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзіреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Мұндай құзырлылықтың қатарына мыналар жатады:

– бағдарлы құзіреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б);

- мәдениеттанымдылық құзіреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);
- оқу-танымдық құзіреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);
- коммуникативтік құзіреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);
- ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, тандай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);
- әлеуметтік-еңбек құзіреттілігі (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті);
- тұлғалық өзін-өзі дамыту құзіреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті)[3].

Аталған құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттіліктерінің жан- жақты болуы талап етіледі. Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана тәрбиеші құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан- жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарына қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтің құзыреттілігіне байланысты болады.

28.01.2023 ж. № E00029

Геометриялық фигуралардың және сандардың тізбегі







ХАДЖИМУРАТОВА БАҚЫТКУЛ


Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы,




Шоқай ауылы №3 орта мектебінің

Бастауыш сынып мұғалімі

Білім беру ұйымының атауы		№3 орта мектебі		
Пәні:		Математика		
Бөлім:				
Педагогтің аты-жөні:		Хаджимуратова.Б.		
Күні:				
Сынып: 2				
Тақырыбы		Геометриялық фигуралардың және сандардың тізбегі		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		2.4.3.2. Берілген заңдылық бойынша тізбекті құрастыру, тізбектегі заңдылықтың бұзылуын табу.		
Сабақтың мақсаты		Геометриялық фигуралар мен сандар тізбегіндегі бұзылған заңдылықтарды тағайындайды, түзетеді.		
		Сабақтың барысы		
Сабақ-тың жоспарланған кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 2 минут	I. Ұйымдастыру. Сәлемдесу. Психологиялық дайындық Тілек айту. Аспанымыз ашық болсын! Көк туымыз биік болсын! Ата-анамыз аман болсын! Деніміз сау, еліміз тыныш болсын!	1. Мұғаліммен сәлемдеседі. 2. Оқушылар бір-біріне тілек айтады.	Жарайсындар!	
2 минут	Үй тапсырмасын тексеру: 8-тапсырма Төмендегі алгоритм бойынша шаршы сал. • Дәптерге сызықтардың қиылысқан жеріне Б нүктесін белгіле. • Б нүктесінен жоғары қарай 5 торкөз санап, О нүктесін белгіле. • О нүктесінен оңға қарай 5 торкөз санап, К нүктесін белгіле. • К нүктесінен төмен қарай 5 торкөз санап, С нүктесін белгіле.	Есепті шығарып келгенін айтады. Жауаптарын салыстырады.		Үлестіріме қағаз

	<p>• Салыну реті бойынша осы нүктелерді сызықтармен қос. Қандай фигура шықты? Әріптерді фигураның салыну ретіне қарай оқы. Бұл сөз нені білдіреді?</p>		<p>Ауызша мадақтау</p> <p>Жарайсың!</p>	
<p>Сабақтың ортасы 1 минут</p> <p>Білу. 3 минут</p>	<p>Оқушыларды оқу мақсаты және бағалау критерийімен таныстырамын. III. Жаңа тақырып. Білу және түсіну Оқулықпен жұмыс. 1-тапсырма. Дәптерге геометриялық фигуралардан тұратын төмендегідей тізбек сал. Әр тізбек қандай заңдылық бойынша құрылған? Бұлар – тік төртбұрыштар</p>  <p>Әр көк дөңгелектен кейін 1 жасыл шаршыдан тізбектелген.</p>  <p>2 күлгін шаршыдан кейін 1 қызыл дөңгелек тізбектелген.</p>  <p>2 көк дөңгелектен кейін 1 күлгін шаршы одан кейін 2 жасыл дөңгелек тізбектеліп қайталанады.</p>	<p>«Заңдылық» ережесін тұжырымдайды, мысалдар келтіреді.</p>	<p>Дескриптор: 1. Заңдылықты анықтайды</p>	<p>Оқулық плакат</p> 
3 минут	<p>2-тапсырма. Қазақтың ою-өрнегі тізбегіндегі заңдылықтың бұзылған жерін тап.</p> 	<p>қазақтың ою-өрнегі тізбегіндегі заңдылықтың бұзылған жерін анықтайды</p>	<p>Дескриптор: 1. қазақтың ою-өрнегі тізбегіндегі заңдылықтың бұзылған жерін анықтайды</p>	
3 минут	<p>3-тапсырма. Сандардың тізбегін құр және жаз. а) Үстемелей отырып: 3-тен 30-ға дейін үш-үштен; 3, 6, 9, 12, 15, 18, 21, 24, 27, 30. 5-тен 50-ге дейін бес-бестен. 5, 10, 15, 20, 25, 30, 35, 40, 45, 50 ә) Шегере отырып: 20-дан 2-ге дейін екі-екіден; 20, 18, 16, 14, 12, 10, 8, 6, 4, 2</p>	<p>тізбектің құрылу заңдылығын анықтайды және тізбектің бұзылуын табады.</p>	<p>Дескриптор: 1. санды қоса отырып, сандар тізбегін құрады, жазады; 2. санды азайта отырып, сандар тізбегін</p>	

2минут	<p>40-тан 4-ке дейін төрт-төрттен. 40,36,32,28,24,20,16,12,8,4</p> <p>Сергіту сәті «Асық» әні</p>	Сергіту сәтін іс-қимылмен көрсетеді.	кұрады, жазады.	
3минут	<p>ЕБҚ тапсырмасы</p>			
3минут	<p>4-тапсырма. а) Артық өрнекті тап. $18 + 15 = 33$ $17 + 16 = 33$ $14 + 18 = 32$ $33 + 0 = 33$ $29 + 4 = 33$ $33 - 0 = 33$ $34 - 1 = 33$ $30 + 3 = 33$</p> <p>ә) Заңдылықты анықтап, тізбекті жалғастыр. 300, 200, 400, 300, 500, 400, 600, 500, 700, 600. (100 азайту, 200қосу)</p>	артық өрнекті анықтайды, сандар тізбегін жалғастырып жазады.	<p>Дескриптор: 1. тізбектің құрылу заңдылығын анықтайды және тізбектің бұзылуын табады.</p>	
3минут	<p>5-тапсырма. Мысалдарды шығар. Әр бағандағы мысалдар қалай құрылған? Заңдылықты сақтап, келесі мысалдарды жаз және шығар.</p> <p>$10+10=20$ $29+11=40$ $20+10=30$ $38+12=50$ $30+10=40$ $47+13=60$ $40+10=50$ $56+14=70$</p> <p>$100-15=85$ $100-35=65$ $100-25=75$ $100-45=55$</p>	заңдылықты анықтайды, жалғастырады.	<p>Дескриптор: 1. заңдылықты анықтап, артық өрнекті табады; 2. заңдылықты анықтап, тізбекті толықтырады.</p>	
3минут	<p>6-тапсырма. Әріптің мәнін тауып, есептеуді орында. $b = (26+4) - 18 = 30 - 18 = 12$ $a = (23-9) \cdot 13 = 14 \cdot 13 = 27$</p>	әріптің мәнін тауып есептеуді орындайды.	<p>Дескриптор: 1. әріптің мәнін тауып есептеуді орындайды.</p>	
4минут	<p>7-тапсырма. Теңдеулерді шеш.</p> <p>$100 - x = 57$ $c + 34 = 98$ $X = 100 - 57$ $c = 98 - 34$ $X = 43$ $c = 64$ $100 - 43 = 57$ $64 + 34 = 98$ $57 = 57$ $98 = 98$</p>	теңдеулерді шешеді.	<p>Дескриптор: 1. теңдеулерді шешеді.</p>	
4минут	<p>8-тапсырма.</p> <p>Сусабын-500тг } Сабын-200тг } 900тг Майлық-?тг } Ш: $500+200=700$тг $900-700=200$тг Ж: Майлық 200 тг тұрады.</p>	Сурет бойынша есеп құрастырады.	<p>Дескриптор: 1. Сурет бойынша есеп құрастырады.</p>	
		фигураларды түстері бойынша реттілікпен		

<p>3 минут</p>	<p>10-тапсырма.</p>  <p>Тазалық Тазалық - денсаулық кепілі.</p>	<p>орналастырады, фигуралардағы әріптерден құралған сөздің мағынасына назар аударады. Қосындыларды салыстырады</p>		
<p>Сабақтың соңы 2 минут</p> <p>2мин</p> <p>2мин</p>	<p>IV.Сабақты қорытындылау. (оқу мақсаты мен бағалау критерийлеріне оралу): -Бүгінгі оқу мақсаты қандай болды? -Жетістік критерийлеріне жеттік пе? Үй тапсырма : 9-тапсырма Оқушылардың білімін бағалау Рефлексия</p> 	<p>Үй тапсырма сын жазады</p> <p>Кері байланыс жасайды</p>	<p>Мадақтау сөздерін айту</p> <p>Балдар жиынтығын қою</p>	<p>Кері байланыс плакаты</p>

28.01.2023 ж. № E00030



Сақтар деген кімдер?






МАХАНОВА РАУАН ДҮИСЕНОВНА

Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы,

Шоқай ауылы №3 орта мектебінің

Бастауыш сынып мұғалімі

Білім беру ұйымының атауы				
Пәні:		Дүниетану		
Бөлім:		Саяхат		
Педагогтің аты-жөні:				
Күні:				
Сынып:		1 сынып.		
Сабақтың тақырыбы:		№17 сабақ. Сақтар деген кімдер?		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		1.3.2.1 көрнекі материалдар негізінде сақтардың өмір салтын сипаттау		
Сабақтың мақсаты		Сақтардың немен айналысатынын біледі,		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<p>Сабақтың басы 5 минут</p> <p>Өткенді пысықтау 5 минут</p>	<p>Психологиялық ахуал қалыптастыру Мұғалім: – Балалар, сендерді көргеніме қуаныштымын! Біз тағы да білімнің сиқырлы әлеміне аттанамыз! Естерінде болсын: тыңдаған кезде ұмытып қаласыңдар, көрген кезде түсінесіңдер, әрекет жасағанда үйренесіңдер. Бүгін сендер тындап, көріп қана қоймай, сонымен бірге талқылап, өздерің әрекет етіп, бір-бірлеріңе көмектесулерің қажет!</p> <p>Өткенді пысықтау «Қар кесегі» әдісі «Бізді қоршаған әлем» бөлімін пысықтау 1. Айналадағы дүние деген не? 2. Табиғат туралы не айта алласың?</p>	<p>Сабаққа дайындық жасайды</p> <p>Мұғалім қағаз кесекті лақтырып сұрақ қояды, қағып алған бала жауап береді</p>	<p>Көңіл күйлерін сұрау</p>  <p>Диагностика «Көңіл-күй» Сабаққа дайындық үшін көңіл-күйіңді тексер!</p> <p>хорошо плохо ничего</p> <p>Дескриптор: Өткен бөлім тақырыптарын меңгерген Сұрақтарға толық жауап бере алады</p>	<p>Смайликтер арқылы көңіл күйлерін білдіреді</p>  <p>Қағаз кесектер</p>

<p>Сабақтың ортасы 20 минут</p>	<p>3. Жыл мезгілдерін ата 4. Ауа райы деген не? 5. Бағдарлау деген не? 6. Туған жер дегенді қалай түсінесің? Жаңа тақырып Түсіндіру жұмысы Екі жарым мың жыл бұрын Қазақстан аумағында керемет халық – сақтар өмір сүрген. Алтай таулары мен Қара теңізге дейінгі жазықта өмір сүрген сақтар тек қазақтардың ғана емес, басқа да түркі тектес халықтардың ежелгі ата-бабалары болып табылады. «Сақ» түсінігімен жұмыс. –Балалар, сендер «сақ», «тайпа» деген жаңа сөздерді естідіңдер. Ал сендер оның не екенін білесіңдер ме? «Эвристикалық сұхбат» тәсілі. Мұғалім: – Сөздікте сақтар – өте ерте заманда Қазақстанның аумағында өмір сүрген көшпелі тайпалар деп жазылған. Мұғалім сақтар бейнеленген суретті көрсетеді. Ежелгі сақтар туралы ақындар мынандай жолдар жазған: Баяғы замандардан Есік қорған – Сақтарға атамекен бесік болған. Асқарлы Алатаудың саясында Балалар өмір сүріп, асып толған.</p>	<p>Жаңа ұғыммен танысады</p> <p>Мұғаліммен бірге өз ойларын білдіріп отырады</p> <p>Жеке жұмыс жасайды</p>	  <p>Дескриптор: Сақтар туралы өз ойларын жеткізе алды Мұғалімнің түсіндірмесінен жаңа ұғымды қабылдай алды</p> <p>Өте жақсы жауап!</p>  <p>Мен сенімен мақтанамын!</p>	<p>Суреттер</p>  <p>Оқулық</p>  <p>Суреттер көрмесі</p>
<p>Сергіту сәті 2 минут</p> <p>Сабақты қорыту 6 минут</p>	<p>«Галаряға саяхат» әдісі ЕБҚ Сақтар туралы суреттерге қарап не айта аласың? Олар қандай адамдар болған? ЕҚБ Сақтардың тұрмыс тіршілігі туралы айтып өт.</p>	<p>Жаттығу жасайды</p> <p>Сұрақтарға</p>	<p>Дескриптор: Сұрақтарға толыққанды жауап берді</p>	<p>Әуен</p>

<p>Қосымша тапсырма 2 минут</p> <p>Кері байланыс 5 минут</p>	<p>«Нейрожаттығу» әдісі</p> <p>«Автобус аялдамасы» тәсілі. Мұғалім сұрақтарды біртіндеп оқиды, оларға мұғалімнің өзі немесе оқушылардың бірі жауап береді.</p> <p>Топтық жұмыс ҚЖ: Сақтардың өмірі, тұрмыс-тіршілігі туралы сурет сал.</p> <p>1-топ: «Азық табу жолдары туралы» 2-топ: «Өз жерін қорғау туралы» 3-топ: «Сақтардың еңбек жіне соғыс құралдары» Суреттеріңмен таныстырылым жасаңдар.</p> 	<p>жауап береді</p> <p>Топтық жұмыс жасайды</p> <p>Кері байланыс жасайды</p>	<p>Сақтар туралы ұғым қалыптасты</p> <p>Дескриптор: Сақтар туралы ұғым қалыптасты Білімдерін сабақта қолдана алды</p> <p>«Білім гүлі» әдісі</p>	<p>Аялдама суреті</p>  <p>Жұмыс парақтары</p> <p>Кері байланыс тақтасы</p>
--	--	--	---	---

Инновациялық қозғалыс: ізденіс және шешімдер

СҮЙЕУОВА ЖАНАТ БИСЕМБАЕВНА

*Атырау қаласы №19 Қ.Сәтбаев
атындағы мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

Abstract : The article considers the most important aspects of the development of professional qualifications of a teacher in the context of modern education. Testing of innovative learning technologies in accordance with the «6Sigma» function of the US Department of education , development of methodological activities , analysis of performance results, analysis of practical skills.

Key words: innovative technologies, professional pedagogical interests, educational system, educational process, innovative process, the «6Sigma» function.

Аннотация: Мақала қазіргі білім беру жағдайында мұғалімнің кәсіби біліктілігін дамытудың маңызды аспектілерін қарастырады. АҚШ тық «сигма» функциясына сәйкестендіріп инновациялық оқыту технологияларын сынау , әдістемелік қызметке шолу жасау , қызмет нәтижесін талдау, тәжірибе дағдыларын талдау.

Тірек сөздер: инновациялық технологиялар, кәсіби педагогикалық мүдде, білім беру жүйесі, оқу тәрбие үрдісі, инновациялық процесс, «6 сигма»

XXI ғасырдың алғашқы ширегі тоғыз миллиард тұрғынның тынысын тарылтқан, алапат күйбең тірліктің, қарыштап дамыған ғаламат инновациясының кілт тоқтап, терезенің сыртқы өмірі бір мезетте ішкі өміріне ауысқан бұл бір қызық заманы болды. Тарихта таңбаланатын бұл заманның марапаты талай ғылым арасынан ерекше қажеттілікпен сараланған ең феноменальды екі ақ салаға бұйырған екен. Алдымен бір жұтым ауа жұта алмай, жасанды деммен жан сақтағанда адамзат баласы медицинаның бірінші екенін түсінді ,кейін өмірлік азық, адамдық статустың дәрежесін көрсететін – білім саласының артта қалмауы керек екенін түсінді. Білім – алпауыт қоғамның іргетасы, білім – өзекті қиындықтың сенімді шешімі екенін бұл пандемия бір дәлелдеп өткендей. Түсінгенім, аталған салаға жоспарлы инновациялық өзгерістер қажет, тәуекелді тәжірибелер қажет, сапалы маман, бәкелестің бәсекесін басып озар прагматикалық идея керек екен.

Көп саланы қоя тұрып, басты мәселе дәл осы білім беру, оқыту бағытына тереңнен қазып көрелік. Мүмкін көп шикі істің шикілігі ашылып, тым қажетті өзгерістердің тізімі шығып қалар. Мен ХХІ ғасырдың педагогымын, менің алдымда соңғы модельдегі цифрлы технологияның құлағында ойнайтын, ойлауы мен ойнауы тым инновацияланған жас эрудиттер білім алады. Ойлауы өзгеше, түсінік танымы тым бөлек білім алушыларға сапалы білім беру үшін көп ойланамын, көп толғанамын. «Бюджеттің бүйірін сорып, қоғамды қайтадан жаппай адаптациялаған жаңартылған оқыту мазмұнына сәйкес, дәл сол көзделген білімді дұрыс бере алып жатырмын ба?» деген сауал тұрады көкейімде. Жаңартылған білім беру саласының негізгі идеясы – ғылыми теорияны үйрете отырып, логикалық белсенділік пен ораторлық қасиетті қатар дамыту болып отыр. Білім алушы – қоғамда өз ойын анық та релевантты жеткізе алатын тұлға болып қалыптасуы тиіс. Тиісінше, педагогтар оқушыны сол деңгейге жеткенше, үздіксіз ақпарат беріп, кері байланыс жасап, креативтілікке баулып, жіберілген қателігін жапондық тәсілмен дұрыстауы тиіс. Осылайша, жоғарыда қарастырылған педагогикалық инновацияның болмысын ұғу амалдарындағы ортақ нәрсе олардың басты назары педагогикалық шығармашылықтың үдерісі мен нәтижесінде болуында. Өзекті қажеттілік, өз кезегінде мамандардың арнайы даярлау, соның ішінде педагогикалық инновация саласында құзыретті педагогтерді даярлау мәселелесін өзектендіреді. Осы даярлықтың маңызды құрылымдық бөліміне қоғамның, еңбек нарығының, тұлғаның, технологиялардың және үздіксіз ақпараттық ортаның жаңаруына өз кәсіби іс-әрекетінде оперативті әрекет етіп, икемді болу қабілеті жатады. Креативті әдіс – тәсілдер, сапалы теория білім берудегі инновацияның дамуының тұрақтылығының маңызды факторы десек те қателеспейміз.

Өткен ғасырдың 80-жылдарының өзінде-ақ АҚШ-та жай сапа мен өнімділіктен де кең ұғымды қамтитын **“бсигма ”** тұжырымдамасы жасалған болатын. **“бсигма ”** ұғымы өзіне жоспарлы дамуды, тәуекел тәжірибені, нәтижеден әрі қарай жоғары дамуы көздейтін даму функциясы. Европалық функцияның ерекшелігі – жетістікке қол жеткізудегі айқындаушылардың бірі ретіндегі нәтижеге аса мән береді және өте сапалы маман мен қызметтік әдіс – тәсілге мән береді.

Білім саласына бұл функцияны енгізуді ұсынуымның басты себебі бар. Алдымен бірінші Қазақстан Республикасы білім беруге 2016 жылы көшті, дәстүрлі білімнен жаңа форматты білімге көшкенде бірталай олқылықтар түзетілді, сол кезден бері талай қоғамдық резонанстардан өтті, ендігі аталған жүйемен пандемия кезеңінде қашықтықтан да білім алып көрдік, сәл өзгешелеп, міне осы кезеңде білім саласына нендей өзгерістің керектігін түсіндік. Мәселен, мен педагог ретінде ескере кеткен жағдай: *елімізде әлі де білім платформалары аздық етеді, бары саусақпен санарлық және қолданысқа ыңғайлы емес, сонымен қатар оқушыға ақпарат жекізудегі оқытудың әдіс-тәсілдерінің аздығы, көңілге толмайтындығы, кері байланыс әдіс-тәсілінің аздығы. Айта кетелік кей кездері бұл әдіс- тәсілдердің аздығынан кей сабақтарды дәстүрлі форматпен өткізуге тура келеді.* Ал, бұл жағдай да біз оқушының білімге деген қызығушылығынан айырылып қалуымыз мүмкін. Ескере кетер тағы бір жағдай – инклюзивті білім алушы оқушылардың толыққанды жағдайының қалыптаспауы. Біріншіден оқыту тәсілдерінің аздығы мен сапасыздығы, сонымен қатар көмекші тьюторлардың болмауы. Ерекше күтімдегі балалардың білімі– керемет дамып келе жатыр дей алмаймын. Өйткені бұл программа, бұл әдіс –тәсілдер оларға қиындық туғызып тұр. Ол балалар тез шаршайды, қабылдауға ауыр, ал әдіс-тәсілдер тым аз, көмекші тьютор тағы жоқ. Міне бұл, инновациялық білім берудің ілгерілеуіне әсерін тигізетін өзекті проблемалар болып отыр.

Міне, мен ұсынған «бсигма» функциясының тәуекелді тәжірибиесінен өтіп тұрған пункты десем де болады. Ендігі жерде осы аталған өзекті мәселемен күресіп, алға әрі қарай даму. Біздің білім саласына аталған осы қиындықтарына өзгеріс қажет.

Педагогикалық шеберханалар бұл ізденімпаз ұстаздардың жұмысын толыққанды орындауға белгіленген орын немесе өзінің озат-тәжірибесімен бөлісетін жұмыстың формасы болып табылады.

Ендеше, осыны іске асыру бағытында мектептің даму бағдарламалары жүйелі негізде жасалынып, жоғарыда айтылған дәстүрлі нысандағы кемшіліктерді ескеріп диагностикалық сараптама жүргізіліп мұғалімнің кәсіби өсуімен кәсіби күзіреттілігін арттыруды мақсат етеді.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Қазіргі мектептердің, біріншіден, практикалық қызметінде жинақталған барлық игіліктердің сақталуы, екіншіден, қоғамның интеллектуалдық қуатын жетілдіру, еліміздің материалдық – қаржылық ресурстарын әрі қарай дамытатын адам тәрбиелеу, орта білім жүйесін одан әрі дамытып жұмылдыру міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдары, әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практика, жаңа қарым-қатынас жасаулары қажет», — деп атап көрсетілуі мұғалім іс-әрекетіне жаңа бағыт сілтейді. Бұл заңда қазіргі кезеңде мұғалімдердің біліктілігін жетілдірумен қатар, кәсіби қызметтің ғылыми негіздерін практикаға қолдануға, практикалық іскерлік пен дағдыны қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінген.

Қазіргі кезеңде педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Ал мұның өзі мұғалімдер қауымына зор жауапкершілік, үлкен міндет жүктейді. Мұндай міндеттерді шешу мұғалімдерден оқушыларға берілетін ғылым негіздерін олардың болашақ іс-әрекетінің берік негізі әрі тірегі болатындай етіп оқытуды, оқу-тәрбие үрдісін, білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр алуан құралдарын қолдануын тиімділігін арттырудың, оқытудың инновациялық технологиясын меңгеруді, педагогикалық жаңалықтарды тәжірибеге батыл енгізуді талап етеді.

Мұғалімдердің инновациялық даярлығын қалыптастыру – олардың жаңа педагогикалық технологияны меңгеруінің алғы шарты. Ал мұғалімдердің жаңа педагогикалық технологияларды меңгеруі мен оны оқу-тәрбие үрдісіне енгізу – уақыт талабы. Өйткені жаңа педагогикалық технологияны меңгеру мұғалімдердің іскерлігін, ізденісін туғызып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашса, оқушылардың білім сапасын арттыруға өз үлесін қосады.

МАЗМҰНЫ

- **ЧЕРНЯКОВА МАРИНА ВИТАЛЬЕВНА**
- **АТЫҒАЕВА МАККИ ЖАКСЫБАЕВНА**
- **ХАДЖИМУРАТОВА БАҚЫТКУЛ**
- **МАХАНОВА РАУАН ДҮЙСЕНОВНА**
- **СҮЙЕУОВА ЖАНАТ БИСЕМБАЕВНА**